

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

MPNТИ 14.29.21

DOI.10.51889/2960-1673.2026.84.1.006

¹Сардарова Ж.И., ²Марат К.А.,

п.ғ.д., қауымдастырылған профессор (м.а.), «Арнайы педагогика: Инклюзивті білім беру» мамандығының 1-курс магистранты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖЕҢІЛ ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН 7-8 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕЙІНІН МОБИЛЬДІК ҚОСЫМША АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Аңдатпа:

Бұл зерттеу жеңіл зияты зақымданған 7–8 жастағы балалардың зейінін мобильдік қосымша арқылы дамыту мәселесіне арналған. Зерттеу барысында аталған санаттағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері қарастырылып, зейін процесінің қалыптасу деңгейі талданды. Мобильдік қосымшаларды қолданудың тиімділігі тәжірибелік жолмен тексеріліп, зейінді дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар жүйесі ұсынылды. Зерттеу нәтижелері мобильдік технологиялардың балалардың зейін тұрақтылығын, шоғырлануын және ауысуын дамытуда тиімді құрал бола алатынын көрсетті.

Кілт сөздер: зейін, мобильдік қосымша, жеңіл зияты зақымдану, балалардың дамуы, психологиялық-педагогикалық түзету

¹Сардарова Ж.И., ²Марат К.А.,

¹д.п.н., ассоц.профессор кафедры Специальная педагогика, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

² магистрант 1 курса по специальности 7М01902 – Специальная педагогика: Инклюзивное образование

РАЗВИТИЕ ВНИМАНИЯ У ДЕТЕЙ 7–8 ЛЕТ С ЛЕГКИМ НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ

Аннотация

Данное исследование посвящено развитию внимания у детей 7–8 лет с лёгкими интеллектуальными нарушениями с использованием мобильного приложения. В работе рассмотрены психолого-педагогические особенности данной категории детей, а также проанализирован уровень сформированности внимания. Экспериментально обоснована эффективность применения мобильных технологий и предложена система упражнений, направленных на развитие внимания. Результаты исследования показали, что мобильные приложения являются эффективным средством повышения устойчивости, концентрации и переключаемости внимания у детей.

Ключевые слова: внимание, мобильное приложение, лёгкие интеллектуальные нарушения, развитие детей, психолого-педагогическая коррекция

¹ Sardarova Zh.I., ²Marat K.A.,

¹Scientific advisor, Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Ind-year Master's Student, ²Specialty 7M01906 - Special Pedagogy: Inclusive Education Abai Kazakh National Pedagogical University

DEVELOPMENT OF ATTENTION IN CHILDREN AGED 7–8 WITH MILD INTELLECTUAL DISABILITIES THROUGH A MOBILE APPLICATION

Abstract

This study focuses on the development of attention in 7–8-year-old children with mild intellectual disabilities through the use of a mobile application. The research examines the psychological and pedagogical characteristics of this group and analyzes the level of attention development. The effectiveness of mobile technologies was experimentally validated, and a set of exercises aimed at improving attention was proposed. The findings demonstrate that mobile applications can serve as an effective tool for enhancing attention span, concentration, and shifting abilities in children.

Keywords: attention, mobile application, mild intellectual disability, child development, psychological and pedagogical intervention

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соның ішінде жеңіл зияты зақымданған балалардың танымдық процестерін, әсіресе зейінін дамыту маңызды орын алады. Зейін – оқу іс-әрекетінің негізгі психикалық процестерінің бірі ретінде қарастырылады және оның қалыптасуы баланың оқу жетістігіне тікелей әсер етеді (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев) [1,2].

Зейіннің дамуы мен оның ерекшеліктері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген. Мысалы, П.Я. Гальперин зейінді іс-әрекеттің бағдарлық негізі ретінде қарастырса, Н.Ф. Добрынин зейінді психикалық процестердің ұйымдасу механизмі ретінде сипаттайды [3,4]. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларда зейіннің тұрақсыздығы, көлемінің шектеулілігі және бөліну қабілетінің төмендігі байқалады (Т.А. Власова, М.С. Певзнер) [5,6].

Заманауи зерттеулерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, соның ішінде мобильдік қосымшалардың білім беру процесіндегі рөлі артып отыр. Мобильдік оқыту құралдары когнитивтік процестерді дамытуға тиімді әсер ететіні бірқатар ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген (J. Piaget, B.F. Skinner) [7,8].

Зейін мәселесі психология ғылымында кеңінен қарастырылған. Л.С. Выготский зейіннің жоғары психикалық функция ретінде әлеуметтік ортада қалыптасатынын атап өтеді. А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясы бойынша зейін адамның мақсатқа бағытталған әрекетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Зияты зақымданған балалардың психикалық даму ерекшеліктері Т.А. Власова, М.С. Певзнер, В.И. Лубовский еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Бұл зерттеулерде мұндай балаларда зейіннің тұрақсыздығы, еріктіліктің әлсіздігі және ақпаратты өңдеу жылдамдығының төмендігі сипатталады.

Қазіргі кезеңде мобильдік технологияларды қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл бағытта М. Аллен, К. Кларк сияқты зерттеушілер цифрлық құралдардың оқу мотивациясын арттыратынын және когнитивтік дағдыларды дамытуға ықпал ететінін көрсетеді [9,10]. Сонымен қатар, интерактивті оқыту әдістері балалардың белсенділігін арттырып, оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Практикалық зерттеу мектеп жасына дейінгі интеллектуалдық бұзылысы бар балалардың зейін деңгейін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында С.Д. Забрамная, Пьерон–Рузер, О.В. Боровик, В.О. Богомоллов ұсынған диагностикалық әдістемелер қолданылды[11,12].

1-әдістеме: «Суретші не салуды ұмытты?»

Мақсаты: балалардың берілген объектілерге зейін шоғырландыру деңгейін және бақылағыштығын анықтау.

Құрал-жабдық: екі суреті бар кесте.

Өткізу тәртібі: балаға кестедегі жоғарғы сурет көрсетіліп, ондағы бейнеленген заттарды атау сұралады. Кейін бірден төменгі сурет ұсынылып, оның алдыңғы суреттен айырмашылығын табу және «Суретші не салуды ұмытты?» деген сұраққа жауап беру тапсырылады.

Нәтижелерді бағалау:

- 4 балл – бала барлық жетіспейтін бөлшектерді дұрыс атады;
- 3 балл – 2–3 жетіспейтін бөлшекті анықтады;
- 2 балл – тек 1 жетіспейтін бөлшекті тапты.

2-әдістеме: «Белгілерді қой». Мақсаты: баланың зейінінің ауысуы мен бөлінуін зерттеу. Құрал-жабдық: жеке жұмыс бланкі, қарапайым қарындаш немесе қалам. Өткізу тәртібі: балаға тапсырма үлгісі көрсетіліп, квадарттар мен шеңберлерге үлгіде берілген белгілерді (галочка және плюс) қою керектігі түсіндіріледі. Тапсырма 5 минут бойы үздіксіз орындалады. Бағалау: S көрсеткіші бойынша 0,00–1,00 аралығында бағаланады (0–10 балдық шкала).

3-әдістеме: «Бос квадраттарға фигураларды сал». Мақсаты: зейіннің тұрақтылығын анықтау. Құрал-жабдық: екі кесте (шеңбер, үшбұрыш, квадрат) (Қосымша 3). Өткізу тәртібі: балаға карточка көрсетіліп, ондағы фигураларды атап шығу және бос квадраттарға оларды дұрыс ретпен салу тапсырылады. Бағалау:

- 4 балл – барлық фигуралар дұрыс және ретімен салынды;
- 3 балл – екі фигура дұрыс салынды;
- 2 балл – фигуралар реті сақталмады;
- 1 балл – тапсырма орындалмады.

4-әдістеме: «Есте сақтап, нүктелерді орналастыр». Мақсаты: зейін көлемін анықтау. Құрал-жабдық: стимулдық материал. Өткізу тәртібі: балаға нүктелер бейнеленген карточка көрсетіледі. Кейін ол нүктелерді есте сақтап, бос торкөздерге дәл солай орналастыруы қажет. Бағалау: 4-тен 1 баллға дейін тапсырманы орындау дәлдігіне қарай бағаланады.

Зерттеу нәтижелері бойынша балалардың зейінінің даму деңгейі үш топқа бөлінді: жоғары, орта және төмен деңгей.

Практикалық зерттеу екі кезеңде жүргізілді:

- 1- кезең – анықтаушы эксперимент, мақсаты – мектеп жасына дейінгі интеллектуалдық бұзылысы бар балалардың зейін деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау;
- 2- кезең – дефектолог сабақтарында зейінді дамытуға арналған дидактикалық ойындарды таңдау және қолдану.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында мектеп жасына дейінгі интеллектуалдық бұзылысы бар балалардың зейін ерекшеліктерін анықтау мақсатында төрт диагностикалық әдістеме қолданылды. Әрбір әдістеме зейіннің әртүрлі қасиеттерін (шоғырлану, тұрақтылық, ауысу, көлем) бағалауға бағытталды.

1-әдістеме («Суретші не салуды ұмытты?») нәтижелері балалардың зейін шоғырлануы мен бақылағыштық деңгейін көрсетті. Жоғары балл алған балалар барлық жетіспейтін

бөлшектерді анықтай алды, ал төмен балл алғандар тек бір бөлікті немесе толық емес жауап берді.

2-әдістеме («Белгілерді қой») зейіннің ауысуы мен бөлінуін бағалады. S көрсеткіші жоғары болған балалар тапсырманы жылдам және дәл орындады, ал төмен көрсеткіш зейіннің тұрақсыздығын және тапсырмаға шоғырланудың әлсіздігін көрсетті.

3-әдістеме («Бос квадраттарға фигураларды сал») зейіннің тұрақтылығын анықтады. Нәтижелер балалардың бір бөлігі фигураларды дұрыс және ретімен орындаса, бір бөлігі реттілікті сақтауда қателіктер жібергенін көрсетті.

4-әдістеме («Есте сақтап, нүктелерді орналастыр») зейін көлемін бағалады. Балалардың бір бөлігі барлық элементтерді дұрыс есте сақтап орындаса, басым бөлігі тек ішінара нәтижеге қол жеткізді.

Жүргізілген диагностикалық әдістемелердің жиынтық нәтижелері балалардың зейінінің даму деңгейі бойынша үш топқа бөлінетінін көрсетті:

- **Жоғары деңгей** – тапсырмаларды дәл және толық орындаған, зейіні тұрақты, шоғырлануы жақсы дамыған балалар;
- **Орта деңгей** – тапсырмаларды жартылай дұрыс орындаған, зейін тұрақтылығы мен ауысуында кейбір қиындықтары бар балалар;
- **Төмен деңгей** – тапсырманы орындауда айқын қиындықтары бар, зейіні тұрақсыз және шоғырлануы әлсіз балалар.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері жеңіл интеллектуалдық бұзылысы бар балаларда зейін қасиеттерінің жеткіліксіз деңгейде дамығанын көрсетті. Көпшілік балалар орта және төмен деңгейде шоғырланған, бұл олардың оқу-танымдық іс-әрекетінде қиындықтар туғызады.

Кесте 1– Зейіннің шоғырлану деңгейінің көрсеткіштері

Зейін деңгейі	Балалар саны (%)	Сипаттамасы
Жоғары деңгей	0%	Анықталған жоқ
Орташа деңгей	25%	Қателер саны аз, орындалу тұрақты
Төмен деңгей	75%	Қателер көп, тапсырма орындауда қиындықтар бар

Зерттеу нәтижелері бойынша балалардың басым бөлігі (75%) зейіннің төмен деңгейін көрсетті. Орташа деңгей 25% балаларда байқалды, ал жоғары деңгей анықталған жоқ. Бұл деректер зейіннің шоғырлану қабілетінің жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

Кесте 2 –Зейіннің ауысуы мен бөліну деңгейі

№	Зейін деңгейі	Балалар саны (%)
1	Жоғары деңгей	0%
2	Орташа деңгей	37,5%
3	Төмен деңгей	62,5%

Зерттеу нәтижелері балалардың басым бөлігінде зейіннің ауысуы мен бөліну деңгейінің төмен екенін көрсетті. Балалардың 62,5%-ында төмен деңгей анықталды, бұл тапсырма орындау барысында көптеген қателер жіберумен және қателер санының біртіндеп артуымен сипатталады. Ал 37,5% балалар орташа деңгейді көрсетті. Бұл топтағы балаларда қателер саны аз болғанымен, олардың нәтижелері жалпы көрсеткішке жеткілікті деңгейде әсер етпейді. Жоғары деңгей анықталған жоқ.

Кесте 3 – Зейін көлемінің даму деңгейі бойынша қорытындылар

	Зейін деңгейі	Балалар саны (%)
	Жоғары деңгей	0%
	Орташа деңгей	0%
	Төмен деңгей	100%

Соңғы әдістеме нәтижелері барлық балаларда зейін көлемінің төмен деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Зерттелушілердің 100%-ы төмен көрсеткішке ие болды, бұл тапсырманы орындау барысында көптеген қателер жіберумен және олардың санының біртіндеп артуымен сипатталады.

Жоғары және орташа деңгейдегі балалар анықталған жоқ. Бұл дерек зерттелген топта зейін көлемінің айқын жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

Кесте 4– Жеңіл зияты зақымданған 7–8 жастағы балалардың зейінін дамытуға арналған мобильді қосымшалардың сипаттамасы

Қосымша атауы	Сипаттамасы	Мүмкіндіктері	Тиімділігі
Memory & Attention Training	Балаларға арналған есте сақтау және зейінді дамыту ойындары	7 түрлі мини-ойын: «заттарды табу», «санды табу», «реакция»; қиындық деңгейі біртіндеп артады; психологтардың әдістемесіне негізделген	Зейіннің тұрақтылығы мен шоғырлануын дамытуға тиімді
CogniFit	Когнитивті дағдыларды кешенді дамытуға арналған платформа	Зейін, есте сақтау, жоспарлау дағдыларын дамыту; ғылыми негізделген жаттығулар; нәтижені бақылау мүмкіндігі	Жеке даму динамикасын бақылауға қолайлы
Focus@Will	Зейінді арттыруға арналған арнайы музыка қосымшасы	Арнайы музыкалық сүйемелдеу; назарды алаңдатқыштардан қорғау	Сабақ кезінде және тапсырма орындауда тиімді
Focus Friend	Ойын элементтері арқылы зейінді дамыту қосымшасы	Уақыт бойынша тапырма орындау; геймификация жүйесі; мотивацияны арттыру	Зейіннің тұрақтылығы мен өзін-өзі бақылауды қалыптастырады

Келесі, қалыптастырушы кезеңде жеңіл зияты зақымданған 7–8 жастағы балалардың зейінін дамыту мақсатында заманауи цифрлық технологиялар, соның ішінде мобильді қосымшалар жүйелі түрде қолданылу жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Memory & Attention Training қосымшасы арқылы балалардың зейінінің тұрақтылығы мен шоғырлануын дамытуға бағытталған ойын түріндегі тапсырмалар орындатылды. Тапсырмалар біртіндеп күрделендіріліп, балалардың қызығушылығын арттыру және зейінін ұзақ уақыт сақтауға жағдай жасалады.

Сонымен қатар, CogniFit платформасы қолданылып, зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттерін кешенді дамытуға арналған жаттығулар жүргізіледі. Бұл қосымша арқылы әр баланың жеке даму динамикасы бақыланып, тапсырмалар деңгейі олардың мүмкіндіктеріне сәйкес бейімделіп отырады.

Оқу үдерісінде қосымша қолдау ретінде Focus@Will қолданбасы пайдаланылып, арнайы музыкалық сүйемелдеу арқылы балалардың назарын шоғырландыруға ықпал етіледі. Ал Focus Friend қосымшасы балаларды белгілі бір уақыт аралығында тапсырмаға тұрақты зейін қоюға үйретіп, олардың өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жеңіл зияты зақымданған 7–8 жастағы балалардың зейінін дамытуда мобильді қосымшаларды қолдану тиімді болатыны болжанады. Атап айтқанда, Memory &

Attention Training, CogniFit, Focus@Will және Focus Friend қолдану балалардың зейінінің тұрақтылығы мен шоғырлануын арттырып, олардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын күшейтеді деп күтіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. — М.: Лабиринт, 1999.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. — М.: Смысл, 2005. Александрович К. П. [и др.].
3. Гальперин П. Я. Введение в психологию. — М.: Изд-во МГУ, 1976. — 150 с.
4. Добрынин Н. Ф. Внимание и его воспитание у детей. — М.: Просвещение, 1969. — 120 с.
5. Власова Т. А. Обучение и воспитание детей с задержкой психического развития. — М.: Просвещение, 1984. — 256 с.
6. Певзнер М. С. Дети с отклонениями в развитии: диагностика и коррекция. — М.: Просвещение, 1979. — 312 с.
7. Piaget J. The Psychology of Intelligence. — London: Routledge, 1950. — 182 p.
8. Skinner B. F. Science and Human Behavior. — New York: Macmillan, 1953. — 461 p.
9. Allen M. Effective Learning in Psychology. — London: Routledge, 1998. — 240 p.
10. Clark K. Educational Psychology and Child Development. — New York: Pearson, 2005. — 310 p.
11. Забрамная С. Д. Практическая психодиагностика детей с нарушениями развития. — М.: Владос, 2003. — 288 с.
12. Пьерон А. Внимание и его экспериментальное изучение. — Париж: Presses Universitaires de France, 1952. — 190 p.